**ЦИКЛОГРАММА**

*II апта (11 -15 қазан 2021 ж.)*

«Айгөлек» ересек және ортаңғы тобы

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** «Денсаулық» «Қатынас» «Шығармашылық» | **Сейсенбі** «Денсаулық» «Қатынас» «Таным» | **Сәрсенбі** «Таным» «Шығармашылық» «Қатынас» | **Бейсенбі** «Денсаулық» «Қатынас» «Денсаулық» | **Жұма** «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата – аналармен әңгімелесу | Қабылдау ережелері, демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;<br>Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу;<br>Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу;<br>Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу;<br>Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу | | | | |
| Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б. ) | **«Кімнің күлкісі әдемі».**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңіл күйін көтеріңкі..<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **Құрылыс ойындары:**<br>**«Менің үйім»**<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен.<br>**Мақсаты:** текшелермен үйді құрастыра алады. | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Кімнің заттары?» (бір-бірлерің заттарын анықтау);( миға шабуыл)<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **Ойын:** «Көңіл күйің қалай,балақай?»<br>**Мақсаты:** Балалар көңіл-күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **Үстел-үсті ойыны** – пазл:<br>«Үйшік құрастыр»<br>(Еркін ойын) |
| Таңертеңгі гимнастика (5-7 мин) | Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Қазақстан Республикасының гимн орындау. | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | «Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»<br><br>**Мақсаты:** Балалар өскенде кім болатынын біледі.(Тәрбиеші жетекшілігімен) | Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу<br><br>**Мақсаты:** Балалар отбасына оның ішінде ата-анасына көмектеседі. (Тәрбиеші жетекшілігімен) | Балабақшадағы ойыншықтармен ойнату, балалардың бір- бірімен ауызша қарым - қатынас жасауына ықпал ету<br>(Еркін ойын) | Сөздік ойын «Қимылын көрсет»<br>**Мақсаты:** Берілген көрнекілік бойынша орындай біледі.<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен ) | **Үстел үсті ойыны:** «Көңілді таяқшалар» (Тәрбиешінің жетекшілігімен )<br>**Мақсаты:** Таяқшаларды пайдаланып түрлі кимылдарды қайталайды. |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері Бала үні 4к моделі<br><br>Ойындар -тәрбиешінің жетекшілігімен ойын -құрылымдалған ойын -Еркін ойын | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Секіру<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып, екі аяқпен секіреді (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіреді, бір орында оңға, солға бұрылып секіре алады.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ысқырық, ойынға қажетті заттар<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру<br>**Қимылды ойын:** **«Көбелектер мен бақалар»** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Допты домалату<br>Мақсаты: Допты бір-біріне төменнен лақтырады және қағып аллады (1,5 м қашықтықта), Заттар арасымен доптарды, құрсаулардан домалатуды біледі.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** доптар,кегельдер<br><br>**Қимылды ойын:** «Доп»<br>**Шарты:** Балалар қатарға тұрады екі команда болып межеге допты қай команда бірінші апарады сол топ бірінші орынға, марапатқа ие болады. Ал ұтылған топ таппақ не өлең айтып өз өнерін | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Үйжануарлары»<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары сиырдың және жылқының төлдерін біледі және сыртқы келбетіндегі ерекшеліктерін айта алады.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Үй жануарларының суреті»<br>**Д\О:** «Үй жануарларының төлдері»<br>**Мақсаты:** Үй жануарларының төлдерін айыра біледі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Үй жануарларын;<br>**Игереді:** Үй жануарлары | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Жүгіру далада<br>Мақсаты: 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіреді, орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіріп жете алады.<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ысқырық<br>**Қимылды ойын:** «Аю»<br>**Шарты:** Бір бала аю болып сайланады, Қалған балалар қоян болады.Қояндар орманда ойнап жүріп ұйықтап жатқан аюды | **Мүсіндеу.**<br><br>**Тақырыбы:** «Топтағы доптар»<br><br>**Мақсаты:** Алақан арасына салып жұмсарту тәсілін қолданып, доптың пішінін және көлемін ермексаздан мүсіндей алады.<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ермексаз, тақтайша, дымқыл қол орамал, доптың суреті.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Кім епті»<br>**Шарты:** Тәрбиеші ортада тұрып, балаларға допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруді;<br>**Игереді:** қос аяқпен секіруді;<br>**Меңгереді:** бір орында оңға, солға бұрылып секіре алуды;<br><br>**1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ойыншықтар достығы.»<br>**Мақсаты:** Құрдастарымен және ересектермен достық қарым-қатынасқа түсе алады, зат есімдердің жекеше түрін қолданады (менікі, сенікі),ересектердің сөзіне зейін қойып тыңдайды.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, | көрсетеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Допты бір-біріне төменнен лақтыруды;<br>**Игереді:** және қағып алуды;<br>**Меңгереді:** Заттар арасымен доптарды, құрсаулардан домалатуды;<br><br>**Қ.М.Ж.Қ.**<br><br>**Тақырыбы:** «Шеңбер және шаршы»<br><br>**Мақсаты:** Балалар төртбұрыш,шаршы, үшбұрыш,шеңбер пішіндерін атайды, олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы сипаттайды.<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап,<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** геометриялық пішіндер<br>**Д\О:** «Пішінді құрастыр»<br><br>**Мақсаты:** Балалардың алдына әр түрлі | сиырдың және жылқының төлдерін;<br><br>**Меңгереді:** және сыртқы келбетіндегі ерекшеліктерін айта алуды. 4к модулі бойынша құрылымдалған ойын<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Қош келдің алтын күз»<br>**Мақсаты:** Ән мәтінің мазмұнына және ырғағына байланысты алақандарын шапалақтауға, аяқтарын тоқылдатуға үйрету.<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Түрлі-түсті қағаздан жасалған жапырақтар<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап, әңгімелесу<br>**Ән тыңдау:** «Жасыл жалау» (Өлеңін жазған: И.Мүсіпбаев; музыкасын жазған: Ж.Смаков)<br>**Дауыс жаттығу:** «Көңілді музыканттар | оятып жібереді. Аю ашуланып қуа жөнеледі.Ойын 2-3рет қайталанып, аю жаңадан сайланып отырады.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Біледі: 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруді;<br>**Игереді:** орта жылдамдықпен жүруді;<br>**Меңгереді:** 40–50 метрге жүгіріп жетуді;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Тәрбиеші»<br><br>**Мақсаты:**<br>**(Ф.Оңғарсынова)**<br>**Мақсаты:** Тәрбиеші өлеңінің мазмұнын түсінеді, тәрбиешінің іс-әрекетін әңгімелейді.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** түсіндіру,сұрақ-жауап, әңгімелесу. | кезек кезек лақтырады.<br>Балаларға сұрақтар қойылады. Балалар бойынша қысқаша түсінгендерінше жауап береді.4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын.Бала үні ескерілді.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** Мүсіндеу тәсілін;;<br>**Игереді:** Алақан арасына салып жұмсарту тәсілін қолдануды;<br><br>**Меңгереді:** доптың пішінін және көлемін ермексаздан мүсіндей алуды;<br><br>**Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** «Көшедегі көліктер»<br><br>**Мақсаты:** Көлік түрлері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру,сұрақ-жауап, әңгімелесу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Құлыншақ,бұзау, қуыршақ,маймыл т.б<br><br>Дидактикалық ойын: «Аспазшының заттарын тап»<br><br>**Шарты:** Үстел үстінде аталған заттардың суреттері жатады. Балалар аспазшыға керекті заттарды табады, атауын атайды.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Біледі:** Құрдастарымен және ересектермен достық қарым-қатынасқа түсе алуды;<br><br>**Игереді:** зат есімдердің жекеше түрін қолдануды;<br><br>**Меңгереді:** ересектердің сөзіне зейін қойып тыңдайды; | пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын.Бала үні ескерілді.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Біледі:** Шеңбер және шаршыны;<br><br>**Игереді:** Балалар төртбұрыш,шаршы, үшбұрыш,шеңбер пішіндерін атауды;<br><br>**Меңгереді:** олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы сипаттауды; | әні»<br>**Ән айту:** «Күзгі вальс»Бота Бейсенова<br>**Музыкалық қимыл-қозғалыс** «Жапырақтар биі»<br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Біледі:** Ән мәтінін мазмұнына және ырғағына байланысты алақандарын шапалақтауды;<br><br>**Игереді:** аяқтарын тоқылдатуды;<br><br>**Меңгереді:** Музыкалық қимыл-қозғалыс «Жапырақтар биін»;<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Саусақ театры»<br>**Тақырыбы:** «Үш аю»<br>**Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту<br>Ойын арқылы кейіпкерлердің ролін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.Тілдерін жаттықтыру | **Қолданылатын көрнекі құралдар:**<br>Тәрбиеші өлең жолдар<br><br>Ән салғызып, билетіп.<br>Ылғи бізбен жүреді.<br>Тақпақты да үйретіп.<br>Ойнауға [illegible]<br><br>Қызық-қызық<br>ертектер<br>Біздерге оқып береді.<br>Жылауық та, тентек те<br>Сол апайға көнеді.<br><br>Бастап бізді далаға.<br>Серуенге де шығады.<br>Біз шомылсақ жағада<br>Байқап өзі тұрады.<br><br>Кішкентаймыз әлі біз.<br>Үлкендерге сенеміз.<br>Бұл тәтені бәріміз<br>Сыйлап, жақсы көреміз.<br><br>Естіп кейде қаламын.<br>Тәрбиеші апайды<br>"Қамқоршысы баланың"<br>Деп ауылда атайды.<br><br>Д\О: «Кім түртті» | (әуе, су, жерде жүретін көліктер) туралы әңгімелейді. көліктерді жүру ортасына қарай топтастырады.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Әуеде, суда, жерде жүретін көліктердің суреті<br>**Дидактикалық ойын:** «Ақылды машина»<br><br>**Шарты:**Берілген сурет бойынша әңгімелеп береді.4К модулі бойынша құрылымдалған ойын.Бала үні.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Біледі:** Көліктер түрлерін;<br><br>**Игереді:** Көлік түрлері(әуе, су, жерде жүретін көліктер) туралы әңгімелеуді: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **<u>Сурет</u>**<br>**<u>Тақырыбы: «Алма»</u>**<br>**<u>Мақсаты:</u>** Дәстүрден тыс (алақан мен бастырып) сурет салудың техникасын қолдана отырып<br><br>**Әдіс-тәсіл:** түсіндіру, көрсету.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі-түсті гуаш бояуы, сулық, А4, алманың суреті,<br>**Д\О:** «Не қайда өседі»<br>**Мақсаты:** Балалар өсімдіктер туралы біледі, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтайды.Өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыра алады.4Кмодулі бойынша құрылымдалған ойын. Коммуникативтік дағды.<br><br>**<u>Күтілетін нәтиже:</u>** | | Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру<br>**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,көрнекілік, сұрақ-жауап, әңгімелесу<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Атрибуттар<br>**Д\О:** «Жануарларды ажырат»<br>**Мақсаты:** Балалар берілген суреттерді жабайы және үй жануарлары деп бөліп жинайды, атайды.<br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:**Ертегінің мазмұнын;<br>**Игереді:**Кейіпкерлердің әрекетіне талдау жасауды;<br>**Меңгереді:**Сахналау арқылы ертегіні көрсетуді; | **Шарты:** Ортаға бір бала шығады. Көзі байланады. Көп баланың ішінен бір бала келіп түртіп кетеді. Көзі байланған бала кім түрткенін табу керек.4Кмодулі бойынша тәрбиешінің жетекшілігімен ойын. Сыни ойлау, бала үні ескеріледі<br><br>**<u>Күтілетін нәтиже:</u>**<br>**<u>Біледі:</u>** Тәрбиеші кім екенін<br>**<u>Игереді:</u>** Тәрбиеші өлеңінің мазмұнын түсінеді;<br>**<u>Меңгереді:</u>** тәрбиешінің іс-әрекетін әңгімелеуді;<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Шынықсаң шымыр боларсың»<br>**Тақырыбы:** «Құмырсқа» массаж<br>**Мақсаты:** Құмырсқа қимылдарын арқаларына жасап,өз-өздеріне массаж жасап үйрену. | **Меңгереді:** көліктерді жүру ортасына қарай топтастыруды:<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Мен суретшімін»<br>**Тақырыбы:** «Күн»<br>Мақсаты: Алақанмен күннің бейнесін салу тәсілін үйрету. Шығармашылық, эстетикалық қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,көрнекілік, сұрақ-жауап, әңгімелесу<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күннің бейнесі,түрлі-түсті бояулар, сулық, мақталы тақтайша<br>**Д\О:** «Жер.су,ауа»<br>**Шарты:** Балалар дөңгеленіп отырады.Бір бала ортаға шығып, балалардың кез келгінене асық лақтырып жібереді. Жер су ауа деген сөздің бірін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Біледі:** Алманы салуды;<br>**Игереді:** Дәстүрден тыс (алақан мен бастырып) сурет салудың<br>**Меңгереді:** Триз [illegible]<br>[illegible]<br>суретін салуды;<br>4Кмодулі бойынша тәрбиешінің жетекшілігімен ойын.<br><br>**Музыка**<br><br>**Тақырыбы:** «Қош келдің,алтын күз»<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.<br><br>**Әдіс-тәсіл:** үйрету<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**Жемістер мен көкөністердің суреті.<br><br>**Ән тыңдау:** «Күз» Ш.Ахметов; | | | **Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, көрсету<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Саусақ, алақандар, оң қолдары мен сол қолдары.<br>**Қ\О:** «Құмырсқаның илеуі»<br>Мақсаты: Дайын құм арқылы балаларға құмырсаның илеуін жасайды.<br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:** Құмырсқаның илеуін;<br>**Игереді:** Құмырсқа қимылдарын арқаларына жасауды;<br>**Меңгереді:** өз-өздеріне массаж жасауды; | айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін жануарларды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса,балық тың түрлерін(кит, акула т.б). қайық суда жүретіндерді атайды. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.<br><br>**Күтілетін нәтиже;**<br>**Біледі:** Алақанмен күннің бейнесін салу тәсілін;<br>**Игереді:** Шығармашылық, эстетикалық қабілеттерін;<br>**Меңгереді:** Табиғатты аялауды; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.Ерзакович<br>**Дауыс жаттығуы:**<br>«Жаңғырық»<br>Ән салу: «Күз келгенде» Ж.Қалжанов<br>Музыкалық қимыл-қозғалыс:<br>«Саңырауқұлақтар биі»<br>Күтілетін нәтиже:<br><br>Біледі: Күз мезгілін;<br><br>**Игереді:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажыратуды;<br><br>**Меңгереді:** Әнді мәнерлеп айтуды;. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуендеу Бақылау | Күзгі картотека №7<br>Құмдағы іздерді бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Жапырақ жинау» | Күзгі картотека №9<br>Күз мезгіліндегі желді бақылау<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Ұшты-ұшты» | Күзгі картотека №8<br>Жерге түскен жапырақтарды бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Ақсерек-көксерек» | Күзгі картотека №3<br>Бұлтты бақылау<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Ақ қоян», «Күзгі тіршілік» | Күзгі картотека №4<br>Жәндікті бақылау<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Күн мен түн» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Түскі ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі оқып беру. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыданояту, шынықтыру шаралары | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Табанға арналған массажды кілемшеде жүру | Төсек үсті жаттығулар мен өзін - өзі массаж | Ойын түріндегі массаждар | Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттығу жасау |
| Бесін ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет Бақылау | **Үстел- үсті ойыны:** **«Ойық ішіндегі заттарды орналастыр»** Тәрбиеші жетекшілігімен. **Мақсаты:**түсі өлшемі бойынша заттарды табады. | **Дидактикалық:** **«Жақсы-жаман» ойыны** (Тәрбиешінің жетекшілігімен ) **Мақсаты:** суреттер арқылы жақсы –жаман қасиеттерді ажыратады. | **Үстел- үсті ойыны** «Пішіндерді орналастыр Фетр материалымен жасалған ойындар. | **Үстел үсті театры** «Шалқан ертегісі» **Мақсаты:** Балалар«Шалқан ертегісі» туралы біледі, сахналай алады. (Тәрбиешінің жетекшілігімен ) | **«Бауырсақ»** ертегісін теледидардан тамашалау. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуен | Күзгі картотека №7 Құмдағы іздерді бақылау | Күзгі картотека №9 Күз мезгіліндегі желді бақылау | Күзгі картотека №8 Жерге түскен жапырақтарды бақылау | Күзгі картотека №3 Бұлтты бақылау | Күзгі картотека №4 Жәндікті бақылау |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Сабырға «Табиғат» туралы дұрыс әңгімелеуге | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Гаухар мен Салтанатқа заттардың атауын дұрыс атауға | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Шұғыланы би ырғағына сәйкес дұрыс қимылдауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс Мақсаты: Алиханға сурет оқу қызметі бойынша, | Жеке баламен жұмыс: Адияға қолының икемділігін дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | үйрету. | үйрету. | | карандашты дұрыс ұстауға үйрету. | үшін саусақ жаттығуын қайталату. |
| «Тұтас бала бейнесі» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың күн тәртібін ұйымдастыру» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға уақытында келуге бейімделуі» | Ата-аналарға кеңес: Баланың өзіне киінуіне мүмкіншілік беру. | Ата-аналарға кеңес: «Үй жағдайында өз ойыншықтарын жинауға бейімдету» | Ата-аналарға психологтың кеңесі: «Бала неге жылайды?» |